

р/н. №	Өзіндік бағдарламалар	Ресми рәсімнен тыс шешім	Өзіндік бағдарламаларға сәйкес болуы
1.	Өзіндік бағдарламалар	<p>1) Ғылымды дамыту үшін басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі;</p> <p>2) диссертация мемлекет бөлігіннен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанның бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>3) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Ресми рәсімнен тыс шешімге (ескертуді күрделілен көрсету)</p> <p>Диссертация мемлекет бөлігіннен қаржыландырылатын «Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы» мемлекеттік бағдарламасында орындалған. Алматы облысының «Нәтижелі» жобасының аясында орындалған. Диссертация мемлекет бөлігіннен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанның бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету).</p>
2.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы		<p>Бұл диссертацияның маңыздылығы зерттеу ерекшелігінен және Қазақстанның музыка, театр, білім және ғылым салаларының болуы үшін өзектілігінен байқалады. Өлем музыка мәдениетінде қарқынды дамып келе жатқан музыка және рок-опера өз орнына ие болып, үлкен аудиторияға айтарлықтай әсер етуде. Батыс еуропа мен америка музыка мәдениетінде музыкалық жетекші жанрлардың бірі санала. Отандық мәдениетте бұл жанр жана болып табылады. Музыкалық және рок-операдан отандық тарихы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басын ғана қамтыды десек те, бірқатар маңызды жетістіктермен көзге түседі. Бұл жанрға бет бұрған композиторлар шетелдік үлгілерге сүйене отырып, отандық әлеуметтік-мәдени ортада жана инновациялық шешімдер қолданғаны анық.</p> <p>Бұл зерттеу ғылым және білімнің дамуына да, тәжірибе деңгейіне де айтарлықтай үлес қосары анық.</p>
3.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы айқын/айшырмаған.</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Қазіргі таңда бұрын соңды зерттелмеген тақырыпты көтеру ізденушінің білімі мен кәсіби біліктілігін қажет етеді. Осы орайда, диссертант В.Алпысбаева кәсіби маман несі әрі тақырып аясындағы музыка, рок опера, рок музыка және театр мәселелерін қамтитын жоғары деңгейдегі зерттеулердің авторы екенін баршаға мәлім. Сол себептен, ізденушінің дербестілік деңгейі, әрине, жоғары деп анықталды.</p>
4.	Өзі жазу принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) шынара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын аяқтайды:</p> <p>1) айқындалды;</p> <p>2) шынара айқындалды;</p> <p>3) айқындалмады;</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) шынара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді;</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ерекшелігі логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p>	<p>Диссертацияның негізгі зерттеу нысанына айналған Қазақстанның музыкалық және эстрадалық өнері, оның ішінде, рок-опера мен музыка жанрларын зерттеу қазіргі таңда өң өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Рок-опера және музыка түрі музыкалық стильдер мен мәдени элементтерді біріктіруге мүмкіндік беретін, қазақ өнерінде жана бағыттарды дамытуға көмектесетін ерекше жанр екені анық. Бұл тақырып диссертация шеңберінде бұрын соңды зерттелмей, тек жекелеген мақалалар түрінде ғана көрінгені тапқан. Сол себепті зерделуді талап ететін таң өзекті тақырып екені айқын.</p> <p>Диссертацияда қазақ композиторларының аталған жанрлардағы шығармаларына тарихи-теориялық, өнертанушылық, аналитикалық және музыкалық зерттеу жүргізілген. Бұл тақырыпты зерттеу барысында диссертант композиторлық шығармашылық, классикалық музыка, эстрада өнері, сахна қойылымы, музыка жанрының драматургиясы мен жанрлық-стильдік ерекшеліктері және тағы да басқа мәселелерді қозғайды.</p> <p>В.Алпысбаеваның диссертациялық жұмысы композициялық үйлесімділігімен әрі нысанды ойластырылуымен ерекшеленеді. Жалпы, жұмыс зерттеудің жоғары деңгейінде жазылған. Жөнелі оқылып, жақсы қабылданады. Материалды ұсынудың логикалық дәйектілігі мен нәтижелері ішкі бірлігімен көзге түседі.</p> <p>Автор зерттеуге алған диссертациялық жұмыстың құрылымы мен логикалық даму желісі ішкі бірлігімен ерекшеленеді. Диссертант еңбегінде қойылған міндеттерді шешуге сәйкес келетін әр түрлі зерттеу құралдары кешенді қолдану арқылы көзделген мақсатына дәйекті түрде қол жеткізген.</p> <p>В.Алпысбаеваның диссертациялық зерттеуінде ұсынылған бөлімдер, мысалдар, кестелер мен бөлім атаулары бір бірімен логикалық және байланысты байланысқан тақырыпты ашады.</p>

<p>2) ішінара бйыланысқан.</p> <p>3) бйыланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағалданған.</p> <p>1) өспірі таллау бар.</p> <p>2) таллау ішінара жүргізілген.</p> <p>3) таллау өз ішкірне емес, басқа авторлардың сінтемелеріне негізделген.</p> <p>4) таллау жоқ.</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа.</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа).</p>	<p>Зерттеудің келесі бағыты көрсетілген әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асқан. Автордың диссертациялық жұмысына жаңу барысында тарихи-саяси-экономикалық, аналитикалық, этикалық, жалпытеориялық – синтет, салыстырмалы-салғастырмалық (сызбалар, кестелер), жаппылау, кезеңдерге бөліні карастыру, жүйілеу әдістерін қолдануы өлсанамаалық жағынан негізделген болып табылады.</p> <p>Диссертацияда көп жеткізілген нәтижелер мен қағидағтар ғылыми жаңалығы жағынан ерекшеленіп, қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.</p> <p>- Музыка және рок-опера жанрларының тарихи-мәдени үдерістер контекстіндегі эволюциялық кезеңдері анықталып, негізделді - толығымен жаңа.</p> <p>- Жүргізілген зерттеу суралық бұқаралық сахналық жанрларға (музика, рок-опера) тән қалыптасқан элементтердің ежелден, тарихи түрде қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетінде болғанын көрсетті - толығымен жаңа.</p> <p>- Музикалар мен рок-операның қалыптасуында А. Серкебаев пен Т. Мұхамеджанов шығармаларының қазақтың дәстүрлі музыкалық жанрларымен байланысты драмалық ерекшеліктері анықталды - толығымен жаңа.</p> <p>- Контрапункты-вертикальды қабаттасу әлсі арқылы жанрлық және стильдік элементтердің синтеті ұсынылды - толығымен жаңа.</p> <p>- Қазақ мәдениетінің әлемдік әлеуметтік-мәдени кеңістікке интеграциялануының бірліретін сюжеттік ортақтық көрсетілді - толығымен жаңа.</p>
<p>3) жаңа емес (жаңасын 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа.</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа).</p>	<p>1. Музыка және рок-операның поп-мәдениет пен эстрада өнерінің құрамдас бөлігі екені анықталды – ішінара жаңа.</p> <p>2. Тарихи-теориялық таллау барысында автор бұл жанрдың жанрлар мен стильдердің синтеті негізінде жасалғанын анықтай отырып, бұрынғы тәжірибенің басым белгілерін анықтады – толығымен жаңа.</p> <p>3. Қазақстанның эстрада өнеріндегі музыка мен рок-операның дербес сахналық жанр ретінде пайда болу, қалыптасу және даму тарихы зерттеп, оның өзіндік ерекшеліктері көрсетілді – толығымен жаңа.</p> <p>4. Зерттеуде музыка және рок-операның синтетік табиғаты анық және мақсатты түрде ашылды. Осылайша, жанрлық сәйкестіктің қалыптасу кезінде-ақ ойын-сауықтық музыкалық театрдың бұл құбылыстары жаппай-көпшілік мәдениеттің алуан түрлі элементтерін мақсатты түрде ассимиляциялауға икемділігін көрсетті – толығымен жаңа.</p> <p>5. Жүргізілген таллау нәтижесінде музыкалық-опералық шығармашылықтағы вокалдық партиялардың тарихи контекстке байланысты өзіндік ерекшеліктері бар екені анықталды – ішінара жаңа.</p> <p>6. Таллау жұмыстары орындаушылық қызметке ғана емес, шығармалардың музыкалық мазмұны мен драматургиясын көрсетуде ұлттық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік беріп, көп жанрлы шығармаларды жақсы түсінуге және түсіндіруге көмектесті – толығымен жаңа.</p> <p>7. Зерттеу барысында музыкалық-опералық шығармалардың біртегі жанрлық және стильдік ерекшеліктері анықталып, композитордың синтетикалық жанрлардың музыкасының дамуына қосқан үлесінің маңызы ашылды – толығымен жаңа.</p>
<p>3) жаңа емес (жаңасын 25%-дан кем).</p>	





6.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) ішкілер және (25-75% жаңа);</p> <p>3) жана емес (жаңаның 25%-дан кем).</p>	<p>Қазық музыка мәдениетіндегі рок-опера мен мюзикл жанрының дамуы мемлекеттік саясаттың маңызды бір саласы екені анық. Аталған жанрлар қазақ сахнасында тек өнердің жана формаларын ұсынбай, сонымен қатар халықтың мәдениеті мен құндылықтарын шамағайда маңызды рөл атқарады. Жана бун авторлары заманауи әлеуметтік мәселелерді, жағдайдың проблемаларын, махаббатты және өз-өзін табу тақырыптарын көтереді. Қазіргі кезде, жекелеген зерттеулерге қарамастан, осы тұрғыда толыққанды ғылыми зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс сол оңалықтың орнын толықтырады.</p> <p>Нақты техникалық шешімдер – «Астана» мюзиклі мен «Жерұйық» рок-операсында LED-экран, проекциялар және жарық эффектілерін қоса алғанда, сценотрафияның заманауи технологиялары жиі қолданылады. Бұл шешімдер сюжетті қабылдауды күшейтетін динамикалық және қызықты визуалды бейнелерді жасауға мүмкіндік береді.</p> <p>Технологиялық шешімдерге қатысты – соңғы жылдары Қазақстанда синтетизделген өнер түрлеріне, рок-опера мен мюзиклдерге жана технологиялар бәсеңді енгізілуде. Мысалы, садық ауыну және жарықтандыруды басқарудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану өнімділіктің жоғары дәлдігіне қол жеткізуге және көріністердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.</p> <p>Экономикалық шешімдерге келетін болсақ, мюзиклдер сабақтас салалардың дамуына ықпал ететін Қазақстанның мәдени экономикасының маңызды бөлігіне айнауда. Бұл мәдени жобаларды коммерцияландыруға әкеледі.</p> <p>Басқару шешімдері – мюзиклдер мен рок-операларды сәтті жүзеге асыру үшін жобаларды сауатты басқару маңызды. Бұл бюджетті жоғарылауды, маркетингтік стратегияларды және суретшілермен және техникалық қызметкерлермен жұмыс істеуді қамтиды. Қазақстанда кәсіби самалар мен продюсерлік компаниялар санының артуы байқалады, бұл мюзиклдер мен рок-операларды жасауға неғұрлым сапалы көзқарасқа ықпал етеді.</p> <p>Бұл шешімдердің барлығы халықаралық тәжірибеге негізделген және жергілікті жағдайларға бейімделген, бұл оларды қазақстандық мәдени сахна үшін жана әрі өзекті етеді.</p>
7.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Өзбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауықымды дәлелдемелерде негізделген негізделмеген (qualitative research (қуәлігәтәя рәссә)) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәлрлық бағыттары үшін).</p> <p><b>Зерттеу нәтижелері бойынша диссертант В.Алпысбаева жұмыстың негізгі мәселенәмәсына байланысты бес қомакты тұжырым ұсынады. Бес тұжырымның барлығы дәлелденді.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шетелдік және отандық тәжірибеде мюзиклдің эволюциясын зерттеу бұл жанрдың, әсіресе эстрадалық мюзиклдің тек музыкалық театрдың гана емес бұқараға қолжетімді мәдениет пен эстрада өнерінің құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Алдыңғы тәжірибенің басым белгілері анықталды. Бұл әртүрлі жанрлар мен стилдердің бағыттары: водевилі, ревю, оперетта, джаз және рок, эстрадалық танымал музыка. Бұқаралық өнер өкілдері ретінде мюзиклдер мен рок-опералар ерекше коммуникативті бағытқа ие, олардың демократиямен көрсермен үшін қызықты әрі қолжетімді әдеби, музыкалық материал мен сахналық қойылым жасалады. Бірінші тұжырым дәлелденді.</li> <li>2. Қазақстандағы эстрада өнері қазақтың дәстүрлі ән және аспаптық шығармашылығымен тығыз байланысты. Тыңдаушылардың санасына «үшінші қабатын» жана жанрлары – мюзикл және рок-операны бірге-бірге «енгізу» және түсінудің себебі XX ғасырдағы британ-американ музыкалық мәдениетімен қатар қазақтың ұлттық музыкасының да маңызды рөл атқарғанын көрсететін әлемдік көркемдік үрдістің парадигмасы болды. Екінші тұжырым дәлелденді.</li> <li>3. Жанр жағынан алғанда А. Серкебаевтың «Астана» мюзиклі опереттаға жақын. Бұл мюзиклдің ерекшелігі – аспаптық бөлімдері джаздық-стилистикалық өңешеліктер, «свинг» тәсілі, үрмелі аспаптар басымлығы бар тригтік биг-бэндтер оркестрі; ал жеке орындаушының вокалдык стилі академиялық стильге жақын. «Астана» мюзиклінде <i>би-бино, респитал, сити,</i> және т.б жанрлар көріне танқан. «Астана» мюзиклінің қалыптасуы қазақстандық атакты мюзиклдермен салыстыра қарағанда жалпы константаларды анықтайды. Үшінші тұжырым дәлелденді.</li> </ol> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) ішкілер дәлелденді;</p>	

3) шамамен дәлелденбей;	4. Т. Мұхамеджановтың «Жерұйық» рок-операсында ұлттық ұстаным айқын аңғарылды. Қарастырылып отырған музыкалық-сахналық қойылымның дыбыстық образы <i>қолың әлдеріңің, сондай-ақ шаңсабыз, қосбыз, отпаңыраңның</i> шынайы тембрлері арқылы шартталған. Бұл тембрлік кешен, сондай-ақ қазақтың ауызша-көзбе дәстүрінің <i>тарлы, жастырылыс, айтыс, қарға оқиғ</i> жанрлары тек осы спектакльге ғана ұлттық нақыш беріп қоймай, сонымен бірге «Ташыр» рок-опера-балетімен салыстырғанда драматургия, музыкалық бөлендіру, сюжеттік құрамдас бөліктердің ортақтығын көрсетті. Төртінші тұжырым дәлелденді.
4) дәлелденбей;	5. Жүргізілген зерттеу талдауы ұлттық дәстүрдің құрамдас бөліктерін пайдаланып және бұрынғы тарихи тәжірибеге сүйене отырып қазақ сахнасындағы музыкалық-сахналық жанрлардың даму болашағын көрсетеді. Бесінші тұжырым дәлелденді.
5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
7.2 Тривиалды ма?	7.2 Тривиалды ма? Қорғауға ұсынылған барлық тұжырымдар тривиалды емес.
1) ия.	
2) жоқ.	
3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
7.3 Жаңа ма?	7.3 Жаңа ма? Қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаңа болып табылады.
1) ия.	
2) жоқ.	
3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
7.4 Колдану деңгейі:	7.4 Колдану деңгейі. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар музыкалану, театрлану, режиссура, сценография және басқа да салаларда, сондай-ақ білім беру саласында кенінен қолдануға болады.
1) тар.	
2) орташа.	
3) кең.	
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
7.5 Мақалада дәлелденген бе?	7.5 Мақалада дәлелденген бе? Диссертация тақырыбы бойынша материалдар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған 3 журналда және Scopus деректер базасына енгізілген өте жоғары процентті бар журналда 1 мақала жарық көрді.
1) ия.	
2) жоқ.	
3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған.	Зерттеу әдістемесі егжей-тегжейлі әрі жеткілікті сипатталған. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы зерттеулердің әртүрлі бағыттарын қозғайтын еңбектерден тұрады. Зерттеу нысаны мен тақырыбын ашу мақсатында
Корғауға шығарылған негізгі ережелер	
Дәйектілік қағидаты.	



Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ	диссертант В.Алпысбаева өз еңбегінде әр салаларда жазылған еңбектерді қолданды: музыкатану, театртану, әлеуметтану, мәдениеттану, жалпыәдебиетшілік және өндіріс саласы.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалану отырып алынған.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми объектіні зерттеудегі кешенді бағыттың көпсалалы әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырған. Ізденуші зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-теориялық, аналитикалық және эмпирикалық әдіс, дәйексіз алу әдісі, жаппай теориялық – синтез, салыстырмалы-салыстырмалы (сызбалар, кестелер), жанылау, көздерге бөлініп қарастыру және жүйелеу әдістері тиімді қолданған.
	1) ия; 2) жоқ	8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәйрлеу бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді).
	1) ия; 2) жоқ	Диссертация автор қол жеткізген бірқатар құнды бақылаулар мен тұжырымдарды қамтиды және рок-опера, мюзикл, шығармалардың жанрлық синтезіне арналған кейінгі зерттеулерде музыкатанушылардың келесітегі еңбектеріне негіз бола алады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысындағы материал музыкалық білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі оқытушылар мен студенттер үшін музыка және музыкалық әдебиет тарихы, музыкалық шығармаларды талдау, театр тарихы және әлемдік көркем мәдениет құрстарында әдістемелік және теориялық нұсқаулық ретінде пайдаланылуы мүмкін.
	8.4 Мамандық мамандар нақты және сенімді ғылыми әдістерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші В.Алпысбаеваның диссертациялық зерттеуінің ғылыми дәлелі өзінің және сенімді ғылыми әдістерге сүйену арқылы расталды. Зерттеудің теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды: С.Құзғабай, Н.Кетенова, М. Ахметова, А. Мұхамбетова, Ү.Жұмақова, С. Рахымбергенова, А. Омарова, Г. Омарова, П. Шегебаев, Г. Бегалинова, Г. Мұсағұллова, Ә. Қамлау, В. Қонен, Т. Қудиянова, М.Гринберг, М.Тараканов, Р.Межибовская, Л. Данько, О.Туғанов, В.Сырлов, Т.Бабич, Л.Гаврилова, Е. Коңурова, И.Яськевич, Л.Данько, Г. Шнейрсон, И. Дворовольская, Н. Енукидзе, Е.Езерская, И. Емельянова, Е. Андрущенко, Л. Березовиц, Д. Живов, Н. Сажина, Е. Станиславская, Н. Сулейва, И. Сыса, И. Шилова, М. Ханин, А. Бахтин, Г. Власова, П. Корнев, М. Мурагов, Е. Мясотин, И.Набок, Т.Невская, Я.Полиновская, А. Цувер, Г.Черная, И.Чижиова, С.Шаповалов.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер саны жалпы 236 дереккөзден тұрады.
9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	1) бар; 2) жоқ	Ізденуші Венера Алпысбаеваның зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы, музыкадану, эстрада, рок музыка, поп музыка, театр салаларына қатысты іргелі еңбектер негізінде жазылған құнды еңбек. Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығы жоғары.
9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және болашақта алынған нәтижелерді практикада қолданудың жоғары әлеуеті бар.
9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?	1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).	Диссертацияда американдық, батысеуропалық және Қазақстан композиторларының мюзиклдері мен рок-опералары салыстырмалы түрде қарастырылып, отандық өнімнің ерекшеліктері айқындалды. Зерттеуде мюзикл және рок-опера жанрлары теориялық және практикалық тұрғыдан әлемдік және отандық музыка симбиозының мысалы ретінде тусіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ композиторлар мен музыкатанушыларға айтарлықтай практикалық ұсыныстар келтіріледі. Яғни, зерттеу нәтижелерін практикада – ғылыми, педагогикалық, композиторлық және орындаушылық салаларда қолдану қажет.
9.4 Практикалық құндылық қағидаты	1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация академиялық тілдің барлық заңдылықтарын сақтай отырып, өте жоғары деңгейде, айқын әрі түсінікті ғылыми стильде, арнайы терминологияны қолдана отырып жазылған. Автордың ой-өрісі жұмыста келтірілген қомақты әрі құнды кесте, сурет, диаграмма, сызбалармен расталады.
10. Жазу және ресімдеу саласы		

			<p>Диссертацияда жұмыстың жалпы сапасы мен артықшылықтарын төмендетпейтін жанұялы қателер мен техникалық қателер бар.</p> <p>Еңбекті зерделеу барысында келесі сұрақтар туындады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстанда рок-операаның дамуына қандай жергілікті орындаушылар немесе топтар айтарлықтай үлес қосты?</li> <li>2. Қазақстандық музыканттардың дамуына қандай жергілікті элементтер қиып біріктірілген?</li> <li>3. Қазақстандық музыканттарда қандай заманауи технологиялар қолданылады және не үшін?</li> <li>4. Қазақстандық рок-опера мен музыканттарды дамытуда жақтар театрлары мен тәуелсіз продюсерлердің ролі қандай?</li> <li>5. Соңғы онжылдықта қазақстандық рок-опералар мен музыканттардың тақырыбы мен музыкалық стилі қалай өзгерді?</li> </ol>
11.	<p>Диссертацияға өсиетулер Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		
12.			<p>Венера Нәгіметділлаева Алматы облысының «Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі музыка және рок-опера жанрлары: даму үрдістері мен перспективалары» атты диссертациялық жұмысы өзекті және өздігінен дайындалған ғылыми зерттеу жұмысын Қазақстанның өнертану ғылымына елеулі үлес қосатын, жаңа ғылыми-зерттеу тұжырымдардан тұратын және ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығы бар зерттеу деп сипаттауға болады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді есере отырып, Алматы облысының Венера Нәгіметділлаеваның 6D0040800 – «Эстрада өнері» мамандығы бойынша өнертану докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның эстрадалық өнеріндегі музыка және рок-опера жанрлары: даму үрдістері мен перспективалары» диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай, ал оның авторы 6D0040800 – «Эстрада өнері» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне лайық деп есептеймін.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі-өреженің 28-тармағына сәйкес)		
	<p><b>Рецензент,</b> Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының, «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультетінің доценті (Ж.А.Қ.) өнертану кандидаты</p>		 <p style="text-align: right;"><b>А. Бұлтбаева</b></p>